

Ұжымдық шешімдер қабылдаудағы диалогтың рөлі

Дөңгелек үстелге дайындалған құжат. Астана, сәуір 2018

(Жаппай таратылым мақсатындағы құжат емес)

Қоғамның алдында тұрған көптеген мәселелер жаһандық сипатқа ие болып, жеке адамдар, институттар мен тұтас топтардың біріккен әрі келісілген іс-әрекеттерін талап еткен сайын, қазіргі әлемдегі әр түрлі деңгейлерде диалогты орнатудың өзектілігі анағұрлым айқын бола бастайды. Біз қоғамның әр алуан сегменттерінде маңызды мәселелердің шешімдерін іздестіруге арналған біздің қазақстандық және басқа елдердегі қауымдастықтарда жаңа сұхбаттық кеңістіктердің пайда болуын бақылаймыз. Қуаныштысы – осы үрдіске қатысушылардың топтарын көбейтуге талпыну.

Іс-әрекеттері мен күш-жігерлерінен кез келген қабылданған стратегиялардың тәжірибе жүзінде пайдаланылуы, адамдардың кеңесуге қатысуы әділеттілік қағидасының нақты іске асырылуының көрінісі болып табылады. Осы үрдісте маңызы зор қырлардың бірі – бұл жас ұрпақтың тартылуы мен белсенді қатысуы.

Адамзат ұрыс-керістер мен шиеленістерден сұрақтарды талқылаулар мен келіссөздер арқылы шешуге деген талпыныстардың алғашқы шұғылаларының пайда болуына дейін ұзақ саяхат жасады. Көну мен ымыраға келу, күрделі сұрақтар төңірегінде бәтуаластыққа жету, жеке адамның немесе ықпалды топтардың беделі әсерінен бірауыздан шешімге келу, пікіргаластар пен айтыстарда көзқарасты қорғау, сірә, қазіргі таңда қоғамның шынайы қажеттіліктеріне жауап бермейді. Біз кеңесу үрдісі құрылатын, адамдардың ұлғайған қоғамдық саналарына сай келетін, адамдардың жасырынды мүмкіндіктерін босататын, интеллектуалды және рухани күштерін ашатын бүгінде адамзат тап болған күрделі мәселелерді жеңіп шығатын жаңа қағидаларды табу қажеттілігіне бетпе-бет келдік.

Төменде берілген - кеңесу үрдісін біздің пікірімізше, сипаттай алатын кейбір қағидалар:

- Кеңесудің мақсаты – бұл болмысты егжей-тегжейлі зерттеу және ақиқатты іздеу. Мұндай тәсіл қандайда бір мәселенің мәні бойынша бірыңғай пікірді шығаруға және оны шешу үшін барлық қол жетімді құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді.
- Қатысушыларының барлығы өз көзқарастарының шектеулігін жеңіп шығуға талпынып, ортақ мүдделер және мақсаттармен біріккен жүйенің мүшелері ретінде шығатындай талқылаудың тәсілін қабылдау ұсынылады.
- Риясыздық пен өзара құрмет үстемдік ететін ахуалда айтылған идея талқылау барысында басына келген адамға емес, қойылған тапсырмамен сәйкестендіре отырып, осы идеяны қабылдайтын, ары ысырататын немесе дамытатын бүтіндей топқа тиесілі.
- Ақылдасып-кеңесудің жемістілігі, бастапқы пікірге қарамастан, топ шығарған шешімді қатысушылардың қаншалықты шынайы қабылдап, қолдайтынына байланысты. Егер тәжірибе жүзіндегі іс-әрекет барысында оның кемшіліктері анықталмаса, осындай жағдайда қабылданған шешім кейінірек қайта қарастылыруы мүмкін.

- Кеңесу үрдісінің негізінде бірқатар қасиеттер мен көзқарастардың байқалуы жатыр: ой тазалығы, баз кешулік, бойұсынғыштық, төзімділік.
- Әрбір қатысушы өзінің пікірін еркін білдіріп, дәлелдерін келтіре алады.
- Кеңесу барысында қарама-қайшы пікірлердің қақтығысы пайда болуы мүмкін. Бұл үрдіс табиғи, себебі осындай қақтығыста ақиқат ұшқыны туады.
- Жеке көзқарастарды білдіру айрықша құрметпен, абыроймен әрі ұстамдылықпен өтуі тиіс.
- Жеке көзқарастарды қорғау, ақыр аяғында, келіспеушілік пен ұрыс-керіске алып келеді; сөйтіп, кеңесудің қатысушылары ақиқатқа жете алмайды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Қоғамдағы өрлеудің алға жылжуы үшін сұхбаттық кеңістіктердің маңыздылығы неде?
- Сұхбаттық кеңістіктердегі кеңесулерге қатысу қабілеті нені білдіреді? Бұл қабілет ненің арқасында дами алады?
- Сұхбат қандай көзқарастар мен қағидалардың негізінде құрылуы тиіс?
- Еркін, тең әрі ашық кеңесуге жағдай жасайтын ахуалды не қамтамасыз етеді?
- Діни ілімдер мен дәстүрлерге тән құндылықтар сұхбаттық кеңістіктерді орнатуда қандай рөл ойнайды?
- Сұхбаттық кеңістіктердегі кеңесулер мәдениет, қоғамды басқару, ұйымдастыру және дамыту деңгейіндегі өзгерістерде қалай көрінеді?
- Кеңесу үрдістерінде технологиялар қандай рөл ойнай алады?

Ой толғауға арналған дәйексөздер:

«Өз араларыңда кеңесіңдер, қамдарың тек адамзатқа пайдасын әкелетін және оның жағдайын жақсартатын нәрселер жайында ғана болсын».

«Кеңесу тереңірек ұғынуға бөлейді және болжамды сенімділікке айналдырады. Бұл – қара түнек әлемде жол көрсетіп, жетелейтін жарқыраған нұр. Барлық нәрсе үшін кәміл жетілгендік пен кемелдену дәрежесі бар және бола бермек. Түсінушілік сыйының кемелденуі кеңесу арқылы айқындалады».

Ешбір адам өзінің шынайы мәнін өз пайымдауынсыз тани алмайды: Бірліксіз ешбір күш туындай да пайда да бола алмайды. Кеңесу болмаса, ешбір әл-ауқатқа және игілікке жетуге болмайды».